

Қосылған құн салығын қайтару жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 11-1-4/66-2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16586 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2026 жылғы 13 қаңтардағы № 11-1-4/5 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 13.01.2026 № 11-1-4/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 436-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қосылған құн салығын қайтару жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік протокол қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оның қағаз және электронды көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді басылымдарға жіберілуін ;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Бірінші орынбасары М.Б. Тілеубердіге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Әбдірахманов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов _____

2018 жылғы " ____ " _____

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

Р. Дәленов _____

2018 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2018 ж 23 ақпандағы
№ 11-1-4/66-2 бұйрығына
1-қосымша

Қосылған құн салығын қайтару жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттің консулдық мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Аустрия Республикасының Елшілігі.
2. Америка Құрама Штаттарының Елшілігі.
3. Армения Республикасының Елшілігі.

4. Әзербайжан Республикасының Елшілігі.
5. Беларусь Республикасының Елшілігі.
6. Бельгия Корольдігі Елшілігі.
7. Болгар Республикасының Елшілігі.

8. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Біріккен Араб Әмірліктерінің Елшілігі.
10. Ватикан (Қасиетті Тақ) Елшілігі.
11. Венесуэла Боливариан Республикасының Өкілдігі.
12. Германия Федеративтік Республикасының Елшілігі.
13. Грек Республикасының Елшілігі.
14. Грузия Елшілігі.
15. Жапония Елшілігі.
16. Израиль Мемлекеті Елшілігі.
17. Индонезия Республикасының Елшілігі.
18. Иордан Хашимит Корольдігі Елшілігі.
19. Ирак Республикасының Елшілігі.
20. Иран Ислам Республикасының Елшілігі.
21. Испания Корольдігі Елшілігі.
22. Италия Республикасының Елшілігі.
23. Канада Елшілігі.
24. Корей Республикасының Елшілігі.

25. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Кувейт Мемлекетінің Елшілігі.
27. Қатар Мемлекетінің Елшілігі.
28. Қырғыз Республикасының Елшілігі.
29. Қытай Халық Республикасының Елшілігі.
30. Латвия Республикасының Елшілігі.
31. Ливан Республикасының Елшілігі.
32. Ливия Елшілігі.
33. Литва Республикасының Елшілігі.
34. Мажарстан Елшілігі.
35. Македония Республикасының Елшілігі.
36. Малайзия Елшілігі.
37. Марокко Корольдігінің Елшілігі.
38. Моңғолия Елшілігі.

39. Мысыр Араб Республикасының Елшілігі.
40. Нидерланд Корольдігінің Елшілігі.
41. Норвегия Корольдігінің Елшілігі.
42. Оман Сұлтандығының Елшілігі.
43. Оңтүстік Африка Республикасының Елшілігі.
44. Өзбекстан Республикасының Елшілігі.
45. Палестина Мемлекетінің Елшілігі.
- 45-1. Пәкістан Ислам Республикасының Елшілігі.
46. Польша Республикасының Елшілігі.
47. Португалия Республикасының Елшілігі.
48. Ресей Федерациясының Елшілігі.
49. Румыния Елшілігі.
50. Сауд Арабиясы Корольдігінің Елшілігі.
51. Сербия Республикасының Елшілігі.
52. Словак Республикасының Елшілігі.
53. Тәжікстан Республикасының Елшілігі.
54. Таиланд Корольдігінің Елшілігі.
55. Түркия Республикасының Елшілігі.
56. Түрікменстан Елшілігі.
57. Украина Елшілігі.
58. Үндістан Республикасының Елшілігі.
59. Финляндия Республикасының Елшілігі.
60. Француз Республикасының Елшілігі.
61. Хорватия Республикасының Елшілігі.
62. Чех Республикасының Елшілігі.
63. Швейцария Конфедерациясының Елшілігі.
64. Эстония Республикасының Елшілігі.
65. Ақтау қаласындағы Әзірбайжан Республикасының Бас консулдығы.
66. Алматы қаласындағы Мажарстанның Бас консулдығы.
67. Алматы қаласындағы Германия Федеративтік Республикасының Бас консулдығы.
68. Ақтау қаласындағы Иран Ислам Республикасының Бас консулдығы.
69. Алматы қаласындағы Иран Ислам Республикасының Бас консулдығы.
70. Алматы қаласындағы Корея Республикасының Бас консулдығы.
71. Алматы қаласындағы Қырғыз Республикасының Бас консулдығы.
72. Алматы қаласындағы Қытай Халық Республикасының Бас консулдығы.
73. Алматы қаласындағы Литва Республикасының Бас консулдығы.
- 73-1. Өзбекстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығы.
- 73-2. Өзбекстан Республикасының Ақтау қаласындағы Бас консулдығы.

- 73-3. Тәжікстан Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығы.
74. Алматы қаласындағы Ресей Федерациясының Бас консулдығы.
75. Ақтау қаласындағы Түркия Республикасының Бас консулдығы.
76. Алматы қаласындағы Түркия Республикасының Бас консулдығы.
77. Алматы қаласындағы Польша Республикасының Бас консулдығы.
78. Алматы қаласындағы Швейцария Конфедерациясының Бас консулдығы.
79. Орал қаласындағы Ресей Федерациясының Бас Консулдығы.
80. Өскемен қаласындағы Ресей Федерациясының Бас консулдығы.
- 80-1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі Алматы қаласындағы географиялық жағынан қашық орналасқан офисі.
81. Астана қаласындағы Жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйымның Аусыл бойынша субөңірлік үйлестіру кеңсесі.
82. Азиялық Даму Банкінің өкілдігі.
83. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес хатшылығы.
84. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
85. Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) өкілдігі.
86. Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссарының басқармасы (БҰҰ БЖКБ).
87. Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО) кластерлік бюросы.
88. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы.
89. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
90. Дүниежүзілік Даму Банкінің өкілдігі
91. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азиялық өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы (ОАӨ АҰО).
92. Еуразиялық даму банкінің өкілдігі.
93. Еуропалық Одақтың өкілдігі.
94. Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің өкілдігі.
95. Ислам Даму Банкінің өкілдігі.
96. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Орталық Азия Университеті.

100. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК).

102. Халықаралық көші-қон ұйымы (ХКУ).

103. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Халықаралық Қызыл Крест комитеті өкілдігі.

Ескерту. Тізбе 104-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2022 № 11-1-4/364 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Біріккен Араб Әмірліктерінің Шымкент қаласындағы Бас консулдығы.

Ескерту. Тізбе 105-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Түркі академиясы.

Ескерту. Тізбе 106-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Халықаралық Валюта Қоры өкілдігі.

Ескерту. Тізбе 107-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 13.09.2023 № 11-1-4/507 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2018 ж 23 ақпандағы
№ 11-1-4/66-2 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің күші жойылатын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қосылған құн салығын қайтару жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 11-1-2/314 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12036 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 қыркүйекте жарияланған);

2. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 27 шілдедегі № 11-1-2/347 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14193 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 қазанда жарияланған);

3. "Қосылған құн салығын қайтару бойынша шектеулер белгіленетін өкілдіктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 16 шілдедегі № 11-1-2/295 және "Қосылған құн салығын қайтару жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 11-1-2/314 бұйрықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 5 шілдедегі № 11-1-2/277 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15439 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 22 тамызда жарияланған).